

# “Математика- ғылымдардың патшасы”

10-сыныптар арасында интеллектуалдық сайыс



- **Мақсаты:**

1. **Білімділік:** Оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, ой - өрісін дамыту, жаңашылдық, ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану.

Математикаға ынтасын, зейінін арттыру, алған білімдерін тереңдету.


2. **Дамытушылық:** Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру. Оқығанын есте сақтай білуге, тиімді тәсілдерді тез таңдай білуге дағдыландыру. Ой - өрісін кеңейту, логикалық ойлау қаблеттерін дамыту, ұжымшылдық қаблеттерін дамыту.

3. **Тәрбиелік:** Өз бетімен жұмыс жасай білуге баулу, шапшаңдыққа, ізденімпаздыққа баулу. Сыйластыққа және ұйымшылдыққа, алдарына

көйгісін қызығушылыққа тәрбиелеу және жеке тұлға ерекшелігін дамыту.



- “Математиканың өз тілі бар – ол формула”  
Софья Ковалевская
- “Арифметика – математиканың, ал математика – барлық ғылымдардың патшасы” Карл Гаусс
- “Ақыл - ойды тәртіпке келтіретін математика, сондықтан да оны оқу керек “.  
С. М. Ломоносов



1-кезең. “Бәйге”

2 - кезең. “Жорға” - Математикалық жұмбақтар шешу(Полиглот).

3 – кезең Сандар сыры

4 – кезең. Кім жылдам

5 - кезең. “Теңге алу” – Салу есептерін шешу.



# 1-топ сұрақтары

- Асан мен Үсен алаңды айнала жүгіріп жаттығу жасауда. Асан бір айналымды 7 минутта, ал Үсен 5 минутта бітіруде. Жүгіруді бірге, бір жерден бастаған болса, қанша минуттан кейін Асан мен Үсен қайта бір қатарға келеді?

**35 минуттан кейін. Асан 5, ал Үсен 7 айналым бітіргенде.**

- Қолымдағы гүлдердің екеуін санамағанда барлығы раушан, тағы екеуінен басқасының барлығы қалампыр, тағы екеуін есептемегенде барлығы лалагүл. Менің қолымда қанша гүл бар?

## **3гүл**

- Көп балалы отбасы

Бір көп балалы отбасы 1,5 жыл аралық пен 15 бала-шағалы болған. Ең үлкен баласы, ең кішкентай баласынан 8 есе үлкен болғандығына қарағанда бұл екеуінің жасы нешеде?

**Үлкен баласы 24, ал ең кішкентай баласы 3 жаста**

## 2-топ сұрақтары

50 пәтерлік ғимаратта тұратын баладан сыныптас досы қаншасыншы пәтерде тұратынын сұрайды. Оған: «Пәтерімнің нөмірі ондық саннан тұрады, бірінші саны екіншісінен үлкен, екеуінің қосындысы бес, ал айырмасынан шыққан санның квадраты 9, қаншасыншы пәтерде тұратынымды тауып көрші» дейді. Сонымен қай пәтер?

**41 пәтер.**

Барлығы бірдей саннан тұратын 5 тақ сандардың қосындысы 14 болса, бұл тақ сан қанша?

**11+1+1+1=14**

Төрт қабырғасы да оңтүстікке қарайтын үй салу мүмкін бе?

**Иә мүмкін. Солтүстік полюске салсаңыз төрт қабырғасы да оңтүстікке қарайтын болады.**

# 3-топ сұрақтары

3, 8, 11, 19, 30, 49, ?, Мына сандардағы сұрақ белгінің орнында қандай сан болуы тиіс?

Солдан бастап екі санды қосқанда үшіншісі шығады. Осы реттілік бойынша сұрақ белгінің орнында 79 болады.

Қолымызда су құюға арналған 21 құмыра бар. 7-і толы, 7-і жартылай толы, 7-і бос. Бұларды үш адамға теңдей етіп бөлу керек, әр адамға 7 құмыра және тең мөлшерде су үлестіру керек. Сіз қалай бөлер едіңіз?

Әр адамға 7 құмыра және 3,5 құмыра судан тиеді. Мұның екі түрлі шешімі бар:

1) А және В екеуі, 2 толы, 2 бос және 3 жартылай толы құмыраларды алады.

С, 3 толы, 3 бос және 1 жартылай толы құмыраны алады.



2) А және В екеуі, 3 толы, 3 бос және 1 жартылай толы, ал С болса, 1 толы, 1 бос және 5 жартылай толы құмыраны алады.

Қай кезде аспан жерден төмен бола алады?

Судағы бейнесінде

# Жұмбақтар

- Бұл не деген көп киім,  
Жетпіс қабат көп киім.  
Жаңбыр одан өтпейді,  
Қабат-қабат тоны бар,  
Түймелеуге жетпейді.
- Екі басты айдаһар  
Бәрін қырып жояды.  
Екі аяқпен жер тіреп.  
Қағазды жеп қояды.






# Жұмбақтар

- Жаңбыр жауып  
басылды,  
Аспан шайдай ашылды.  
Қызыл, сары, жасылды,  
Көкте бір зат асылды.





- Көреді бәрін өзгенің,  
Көрмейді бірақ өздерін



# Жұмбақтар

- Бұл не қылған ер еді?  
Қандай мықты жүрегі.  
Түздің маңғаз түлегі,  
Бір ұрттам су татпастан,  
Мың шақырым жүреді.
- Екі найзасы бар,  
Екі айнасы бар.  
Төрт аяғы бар,  
Бір таяғы бар.





**“САНДАР СЫРЫ”**

**МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР САЙЫСЫ**



# “Кім жылдам”



# Теңге алу

1) Тікбұрышты параллелепипедтің қабырғаларының өлшемдері 3 см, 6 см, 9 см.

Параллелепипедтің диагоналінің ұзындығын есептендер.

2) Табаны тік бұрышты үшбұрыш болатын, катеттері 8 м және 6 м болатын призманың қыры 12 м. Толық бетінің ауданын табындар.

3) Дұрыс қиық пирамиданың үлкен табаны 8 м, кіші табаны 6 м. Биіктігі 3 м болады. Оның апофемасы неге тең?

...

